



ХҒТАР 17.41.25
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-153-4-241-251>

Саха тілі материалдық мәдениетінің этнографиялық лексикасы

Ә. Амангелдіқызы^{ID}, Ж.Қ. Айдарбекова*^{1 ID}

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: aliya010124@gmail.com, aidarbekova_zhk@mail.ru)

Аңдатпа. Бұл мақала саха халқының материалдық мәдениетін бейнелейтін якут тіліндегі этнографиялық лексиканы зерттеуге арналған. Жұмыстың өзектілігі – этнография мен лексикология бойынша жалпы еңбектердің бар болуына қарамастан, бұл лексикалық қабаттың жүйелі және салыстырмалы-тарихи тұрғыдан жеткіліксіз зерттелуінде. Зерттеудің мақсаты – саха халқының дәстүрлі тұрмыс артефакттарын атайтын этнографизмдердің семантикалық құрылымын, мәдени-тарихи негіздерін және қызмет ету ерекшеліктерін анықтау, сондай-ақ олардың басқа түркі, әсіресе қазақ және көрші тілдердің лексикалық жүйелерімен байланысын айқындау.

Мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттер шешілді: материалдық мәдениеттің негізгі тақырыптық топтары бойынша (дәстүрлі тұрғын үй, киім, тұрмыстық бұйымдар, үй-жай заттары) этнографиялық лексика жиналып, жүйеленді; лексикалық бірліктердің мағыналарын анықтауды, этимологиясын, бастапқы элементтері мен мүмкін болатын кірме сөздерін айқындауды қамтитын семантикалық талдау жүргізілді. Саха этнографизмдерін қазақ және басқа тілдердегі баламаларымен салыстырмалы түрде талдауға ерекше назар аударылды, бұл мәдени және лингвистикалық өзара ықпалдастық жолдарын қадағалауға, сондай-ақ ортақ және ерекше белгілерді анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің дереккөздік базасын якут-орыс, орыс-якут және якут тілінің түсіндірме сөздіктерінің мәліметтері (әсіресе П.А. Слепцов пен Э.К. Пекарский редакциясымен шыққан сөздіктер), сондай-ақ якутттану классиктерінің этнографиялық еңбектері (В.Л. Серошевский, С.И. Боло және т.б.) құрады. Жұмыста сипаттамалық талдау, семантикалық талдау және салыстырмалы-салғастырмалы әдістер қолданылды.

Зерттеу нәтижесінде саха тіліндегі материалдық мәдениетке қатысты этнографиялық терминологияның байлығы мен алуан түрлілігі анықтал-

Түсті: 03.05.2025; Мақұлданды: 25.11.2025; Онлайн қолжетімді: 30.12.2025

ды. Тұрғын жайлардың әртүрлі түрлерін (ыал, қыстық, сайылық, ураһа, балаған), киім атауларын (танас-сап, танас, сон) және тұрмыстық бұйымдар мен ыдыс-аяқ атауларын (хобордоох, чааскы, айах, быһах және т.б.) білдіретін нақты лексемалар талданды. Бірқатар саха этнографизмдерінің қазақ және басқа да түркі тілдеріндегі лексикамен семантикалық параллельдері мен этимологиялық байланыстары анықталды (мысалы, якутша сон және түркі тон – "тон"). Алынған нәтижелер саха халқының тілдік әлем бейнесін зерттеуге үлес қосып, олардың мәдени мұрасын тереңірек түсінуге жол ашады және этнолингвистика, түркітану мен салыстырмалы тіл білімі саласындағы кейінгі зерттеулерге негіз бола алады.

Түйін сөздер: саха тілі, этнографиялық лексика, лексика-семантикалық топтар, материалдық мәдениет, дәстүрлі тұрғын үй, тұрмыстық бұйымдар.

Кіріспе

Якут тілі түркі тілдерінің солтүстік тобына жататын маңызды өкілдерінің бірі ретінде саха халқының материалдық және рухани мәдениетінің бірегей элементтерін бейнелейтін этнографиялық лексикасының бай қабатын сақтап қалған. Дәстүрлі өмір салтына байланысты лексика – мәдени білімді ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің маңызды құралы. Якут тілінде этнографизмдер тұрмыстық заттарды, тұрғын үй элементтерін, киімді, үй бұйымдарын, еңбек құралдарын, салт-дәстүрлер мен мерекелерді білдіреді, бұл оларды халықтың мәдени мұрасын зерттеуде маңызды етеді.

Осы зерттеудің өзектілігі якут тілінің этнографиялық лексикасының салыстырмалы-тарихи тұрғыдан жеткіліксіз зерттелуінде жатыр. Түркі тілдерінің жалпы этнографиясы мен лексикологиясына арналған еңбектер болғанымен, саха халқының материалдық мәдениетін бейнелейтін этнографизмдерді жүйелі түрде талдау әлі де толыққанды жүзеге аспаған. Осыған байланысты, бұл лексемалардың семантикалық құрылымын, олардың этимологиясын зерттеу, сондай-ақ оларды басқа түркі тілдерімен, әсіресе қазақ тілімен салыстыра отырып, ортақ және ерекше белгілерін анықтау маңызды бағыт болып табылады. Этнографиялық элементтер мен құбылыстардың түсіндірмесі мен сипаттамасы якут тілінің екітілді және біртүлді сөздіктерінде кездеседі. Оларға, мысалы, якут ғалымы-лингвист Петр Алексеевич Слепцов 1972 жылы бастап шығарған «Якут тілінің үлкен түсіндірме сөздігі», Эдуард Карлович Пекарскийдің «Якут тілі сөздігі», сондай-ақ этнограф-ғалымдардың еңбектері жатады [1], [2]. Мысалы, С.И. Болоның «Орыстардың Ленаға келуіне дейінгі якуттардың өткені (бұрынғы Якут округінің аңыздары бойынша)» атты еңбегінде XVII ғасырдағы якуттардың материалдық мәдениетіне арналған жеке тараулар бар. Автордың жазуынша, якуттар Ленаға қоныс аудармай тұрып-ақ ұсталық пен ағаш ұстасы шеберлігін меңгерген, сондай-ақ түрлі тұрғын үйлерді (мысалы, отуу (күрке), буор холомо дыиэ (саздан жасалған конус тәрізді үй), туос пен танас ураһа (қайың қабығынан жасалған үй), балаған (қыстық үй), уутээн (үйшік)) және шаруашылық құрылыстарын сала білген.

Сонымен қатар, С.И. Боло өз еңбегінде тағам түрлеріне қатысты деректер келтіреді (якуттар 10 түрлі өнімнен жасалатын 119 тағам түрін білген), сондай-ақ киім, тұрмыстық заттар, ыдыс-аяқ және аңшылық құралдары жөнінде мағлұмат береді [3].

Якут халқының материалдық мәдениетіне үлкен үлес қосқан ірі этнограф В.И. Иохельсон өзінің «Якуты» атты еңбегінде Колыма өзені бойында тұратын якуттар тобын зерттеген [4]. Ерекше назар аударуға тұрарлық тараулар – бұл киіз үйдің ішкі құрылымы, қыш жасау өнері, қымыз құятын ыдыстар мен олардың өрнектері, ұсталық кәсіп, шамандардың өнері мен атрибутикасына арналған бөлімдер. Автор материалдық мәдениеттің әрбір элементінің көне бастауларын анықтауға тырысады және ондағы оңтүстік пен солтүстік сипаттағы ерекшеліктерді ажыратып көрсетеді.

XX ғасыр бойы якуттардың материалдық мәдениетін зерттеу ғылыми деңгейге көтерілді. Тұрғын үйлер, шаруашылық құрылыстар, қару-жарақ, киім, тағам, әшекейлер мен зергерлік өнер жан-жақты қарастырылды.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – саха халқының материалдық мәдениетіне қатысты этнографиялық лексиканы зерттеу арқылы оның семантикалық құрылымын, мәдени-тарихи тамырларын және қазақ әрі көршілес тілдермен байланысын анықтау. Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

- саха халқының материалдық мәдениетінің әртүрлі салаларына (тұрғын үй, киім, тұрмыстық бұйымдар, еңбек құралдары және т.б.) қатысты этнографиялық лексиканы жинақтап, жүйелеу;
- зерттеліп отырған лексиканың семантикасын талдау: сөздердің мағынасын, этимологиясын, мүмкін болатын кірме және төл элементтерін анықтау;
- басқа түркі тілдерімен, әсіресе қазақ тілінің лексикалық жүйесімен салыстыра отырып, саха тіліндегі этнографиялық лексиканы сараптау және олардың ортақ әрі ерекше белгілерін айқындау.

Бұл зерттеу саха тіліндегі этнографиялық лексиканың белгілі бір қабатын шолып, оның семантикасын анықтауға, сондай-ақ оны түркі және көршілес халықтардың тілдерімен салыстыруға бағытталған. Мақаланы жазу барысында келесі әдістер қолданылды:

- Якутияны зерттеген белгілі ғалымдар – В.Л.Серошевский, С.И.Боло және басқалардың этнографиялық еңбектерін талдау [3], [5]. Бұл авторлар якут халқының дәстүрлі материалдық мәдениетін зерттеуге зор үлес қосқан;
- саяхатшылардың күнделіктері, фольклоршылардың жазбалары, фотосуреттер мен құжаттар сияқты мұрағаттық материалдармен жұмыс жүргізу;
- материалдық мәдениетке қатысты арнайы лексиканы, яғни дәстүрлі тұрғын үйлер, киім, ыдыс-аяқ пен тұрмыстық заттардың атауларын талдау;
- салыстырмалы талдау – якуттардың материалдық мәдениетіне байланысты лексикалық бірліктерді қазақ немесе көршілес халықтардың (мысалы, эвенк) ұқсас терминдерімен салыстыру. Бұл белгілі бір этнографизмнің ортақ шығу тегін, сондай-ақ мәдениеттер арасындағы кірігу мен ықпалдарды анықтауға мүмкіндік береді;
- лексикалық материалды жинақтау және сұрыптау.

Этнография мен этнографиялық лексиканы зерттеуге арналған негізгі еңбектер саха тілінің біртүлді және екітүлді сөздіктері болып табылады. Олардың қатарында П.А. Слепцовтың «Якут тілінің үлкен түсіндірме сөздігі» мен Э.К. Пекарскийдің «Якут тілі сөздігі» бар [6], [2]. Сонымен қатар А.И. Гоголевтің «Якуттардың тарихи этнографиясы»

сияқты кітаптар мен оқу құралдары да бар [7]. Алайда бұл еңбектер саха халқының этнографиясын көбінесе тарихи, мәдениеттанулық немесе әлеуметтанулық тұрғыдан қарастырады.

Бүгінгі күнге дейін саха тілінің этнографиялық лексикасын арнайы қарастырып, талдау мен салыстырмалы зерттеу жүргізетін дербес ғылыми еңбектер өте аз. Ұсынылып отырған бұл жұмыс саха тіліндегі этнографиялық лексиканың семантикасын және оны басқа түркі тілдерімен салыстыру мәселесін әрі қарай терең зерттеуге түрткі болады деген үмітпен жазылып отыр.

Нәтижелер мен талқылаулар

Саха халқының дәстүрлі тұрғын үйін білдіретін материалдық мәдениет лексикасын қарастырайық. Саха дәстүріндегі тұрғын үй ұғымын зерттей отырып, үй саха мәдениетінде бүгінге дейін тек материалдық емес, сонымен қатар рухани және моральдық байлықтың, халықтың тарихи жадының бейнесі болып табылатынын айтуға болады.

Сахаша елді мекен жалпы «ыал» сөзімен аталған. Бұл термин тек «тұрғын үй» ғана емес, сонымен қатар «отбасы», «аула», «шаруашылық», «көршілер» сияқты мағыналарды да қамтыған. «Ыал» сөзі «қоныс, елді мекен» мағынасында қазақтың «ауыл», хакастың «аал», ноғайдың «аул», моңғолдың «аил», чуваштың «ял» сөздерімен параллель құрайды. Бір отбасының шаруашылығы биір тиэргэн ыал («бір шаруашылық») деп аталған.

Саха халқының қоныстары дәстүрлі түрде маусымдық шаруашылық цикліне қарай бөлінген: қысқы (кыстык) және жазғы (сайылык) қоныстар. Бұл қазақ тіліндегі «қыстау» және «жайлау» сөздерімен салыстыруға келеді. Этнографиялық әдебиеттерге сүйенсек, бұрын көктемгі («саакыыр») және күзгі («оторы») қоныстар да болған. Бұл қоныстарда болу уақыты қысқа болған – әдетте бір ай немесе одан да аз.

Саха халқының басты дәстүрлі тұрғын үйі – ураса (ураһа). Бұл ұзын, еңкейтіліп қойылған тіреулерден жасалған, үстіне бұғы терісі немесе қайың қабығы жабылған, биік конус пішінді көне үй. XIX ғасырдың соңына қарай оторы қоныстары жойылып кеткенімен, олар туралы деректер фольклорлық шығармалар мен жер атауларында сақталған.

Қысқы қоныстарда (кыстык) негізгі тұрғын үй ретінде балаған пайдаланылған. Балаған – жіңішке, еңкейтіліп орналастырылған бөренелерден жасалған, қимасы кесілген пирамида тәрізді киіз үй үлгісіндегі саха үйі. Саха тілінде «қыстық қонысқа көшу» ұғымының орнына кеңінен қолданылған тіркес – «балағанға кири» («балағанға кіру»). Бұл жердегі балаған сөзі сахалардың қысқы тұрғын үйін білдіреді. Осыған қарап, «кыстык» терминінің балаған тәрізді қысқы тұрғын үйлермен тығыз байланысты екенін байқауға болады. Бұл байланыс «Балаған ыйа» («балаған айы» – қыркүйек) деп аталатын айдың атауымен де расталады – дәл осы уақытта саха халқы қысқы қоныстарына қоныс аударған.

Кесте 1. Саха тілінің ерекшелігі

Сахаша	Сипаттамасы	Қазақша
ыал	елді мекен, қоныс	ауыл

кыстык	қысқы қоныс	қыстау
сайылык	жазғы қоныс	жайлау
ураһа (ура-са)	ұзын тіреулерден тұрғызылып, бұғы терісімен немесе қайың қабығымен жабылған биік конус тәрізді көне саха үйі	күркешік, киіз үй
балаһан	жіңішке, еңкейтіліп қойылған бөренелерден тұрғызылған, қимасы кесілген пирамида пішін-дес саха киіз үйі	ағаштан жасалған киіз үй
дьэ	«үй» ұғымы, жалпы тұрғын үй	үй

Саха тілінде киім ұғымын білдіретін екі сөз бар: бірі – таңас-сап, яғни «киімге арналған материал, киім мен аяқ киім атауының жиынтығы», екіншісі — таңас, яғни тек «киім». «Якут тілінің үлкен түсіндірме сөздігінде» таңас лексемасы екі мағыналы сөз ретінде тіркелген: 1. киім, ішкі киім немесе аяқ киім тігілетін материал, мата; 2. денені жабатын, жауып тұратын заттардың жиынтығы – киім [6].

Сырт киім түрлерінің ішінен сон сөзі ерекше атап өтіледі – ол әйелдер мен ерлердің сырт киімінің ортақ атауы (мысалы, тоң мағынасында). М. Рясянен бұл сөзді эвенк тіліндегі сун ‘шекпен’ сөзімен салыстырады [8]. Бірқатар зерттеушілер сон сөзін көне түркі тон (қазақша тон) сөзімен туыстас деп таниды.

Жазда сахалар жұқа өңделген былғарыдан тігілген шекпен тәріздес шапандар киген: тирии сон ‘былғары шекпен’, кулун тириитэ сон ‘құлын терісінен тігілген шекпен’, кытыылаах сон ‘матадан тігілген жаздық шекпен’, оноолоох сон ‘шұғадан жасалған пәлте’. Қыста шекпеннің сыртынан ұзын сағынньах (тон, доха) киілген.

Бас киімдердің жалпы атауы ретінде бэргэһэ лексемасы қолданылады (салыстыр: көне түркі борік, борк және моңғол *borgesun* ‘жамылғы, қақпақ’) [9].

Ертеде сахалар түрлі үлгідегі бас киім киген: капор тәріздес жазда киілетін телпектер: ын-така бэргэһэ, бобуонньук бэргэһэ; қарапайым жылы бас киімдер: дьорбуонка бэргэһэ ‘бөрікше, тақияша’ (орысша ермолка); халпаак ‘қалпақ’; сәнді әрі жылы бас киімдер: дьабака бэргэһэ ‘көне саха әйелдерінің іші-сырты терімен көмкерілген, жоғары жағы шұғадан немесе басқа материалдан жасалған сәнді бас киімі’; муостаах нуоҕайдаах бэргэһэ ‘үстінде қауырсыны бар көне мүйізді телпек’; ураа (куйуһун) бэргэһэ ‘көне дәуірдегі тойлық қалыңдық телпегі’ және т.б.

Кесте 2. Саха тілінің ерекшелігі

Сахаша	Сипаттамасы	Қазақша
таңас-сап	киім мен аяқ киім, тігінге арналған материалдардың жалпы атауы	киім-кешек
таңас	киім	киім
сон	ерлер мен әйелдердің сырт киімінің жалпы атауы; тон	тоң
бэргэһэ	бас киімдердің жинақы атауы	бөрік, бас киім

Саха тілінде иһит, иһит-хомуос терминдері «тұрмыстық ыдыс-аяқ, шаруашылық бұйымдары» мағынасындағы лексикалық бірліктер тобына ортақ атау ретінде қолданылады [1].

Үйге қатысты ыдыс-аяқ пен тұрмыстық бұйымдарға қатысты лексемаларды бірнеше тақырыптық топқа бөлуге болады: аһыыр иһит ‘асішетіныдыстар (тәрелке, тостаған, кесе т.б.)’; балык иһитэ ‘балыққа арналған ыдыс’; дьизэ иһитэ ‘қыздың жасауына қосылатын ыдыс түрлері’; иистэнэр иһит ‘тігін бұйымдарын сақтауға арналған сандықша’ [1]; энньэ иһит ‘қыз жасауы ретінде берілетін тұрмыстық бұйымдар’; суунар иһит ‘жуынуға арналған ыдыс’; уулатар иһит ‘мал суаратын астау’; мал иһитэ ‘әртүрлі ұсақ-түйек пен үй ішіндегі заттарға арналған қорап’; саахар иһитэ ‘қант сауыт’; туус иһитэ – тұз сауыт; хоруопчука иһитэ ‘сиясауыт’ және т.б. [2].

Сондай-ақ, ыдыстың жасалған материалына қарай жіктеуге болады: буор иһит ‘балшықтан жасалған ыдыс (қыш)’; ньаалбаан иһит ‘қаңылтыр ыдыс’; сири иһит ‘теріден жасалған ыдыс’ (саба, торсық, шелек, бөшке және т.б.); таас иһит ‘шыны ыдыс (банка, бөтелке және т.б.)’ [2].

Саха тілінде ытык ‘кілегей шайқайтын бұлғауыш’ – саха текті лексема ретінде тіркелген [6]. Айах – қымыз құюға арналған үлкен тостаған (чорон), көлемі бір-бір жарым шелекке дейін жететін ыдыс [10]. Бұл сөз көне түркі аяқ «тостаған, кесе» сөзіне дейін барып тіреледі (салыстыр: қазақша ыдыс-аяқ) [11]. Сонымен қатар тұрмыстық заттар мен ыдыстарды білдіретін келесі этнографиялық лексемалар анықталды: куөрчэх ‘кілегей шайқайтын, ағаштан жасалған дөңгелек бұлғауыш’; быһах ‘пышақ’; тахтай ‘қайың қабығынан жасалған жайпақ ыдыс’ және т.б.

Кесте 3. Саха тілінің ерекшелігі

Сахаша	Сипаттамасы	Қазақша
иһит	ыдыс-аяқтың жалпы атауы	ыдыс
иһит-хомуос	тұрмыстық ыдыс-аяқтың, шаруашылық бұйымдарының жалпы атауы	ыдыс-аяқ
аһыыр иһит	тамақ ішетін ыдыс (тәрелке, тостаған, кесе т.б.)	ас ыдыс
балык иһитэ	балыққа арналған ыдыс	балық ыдысы
дьизэ иһитэ	қыздың жасауындағы ыдыстар	жасау ыдысы
иистэнэр иһит	тігін бұйымдарын сақтауға арналған сандық	тігін сандығы
суунар иһит	жуынуға арналған ыдыс	жуыну тостағаны
уулатар иһит	мал суаратын астау	астау
саахар иһитэ	қантқа арналған ыдыс	қант сауыт
туус иһитэ	тұзға арналған ыдыс	тұз сауыт
буор иһит	балшықтан жасалған ыдыс	қыш ыдыс
ытык	кілегей шайқайтын ыдыс	бұлғауыш
айах	қымызға арналған үлкен тостаған (чорон)	қымыз шара

куөрчэх	ағаштан жасалған дөңгелек бұлғауыш	ағаш бұлғауыш
быһах	пышақ	пышақ
тахтай	қайың қабығынан жасалған жайпақ ыдыс	ағаштан жасалған жайпақ ыдыс, табақ

Қорытынды

Саха халқының материалдық мәдениетіне қатысты этнографиялық лексиканы зерттеу барысында саха тілінің сөздік құрамының маңызды бір қабаты жүйеленіп, талданды. Бұл қабат халықтың дәстүрлі тұрмыс-тіршілігі мен шаруашылық құрылымын бейнелейді. Зерттеу барысында негізгі мақсат орындалды – саха халқының дәстүрлі тұрмысына қатысты кейбір артефактілерді атайтын этнографизмдердің семантикалық құрылымы, мәдени-тарихи негізі мен қызмет ету ерекшеліктері қарастырылды және олардың басқа түркі, соның ішінде қазақ тілімен және көршілес тілдермен ықтимал байланыстары анықталды.

Зерттеу саха этнографиялық терминологиясының байлығы мен өзіндік ерекшелігін дәлелдеді. Қоныс пен тұрғын үй (ыал, кыстык, сайылык, ураһа, балаған), киім атаулары (танас-сап, танас, сон), тұрмыстық бұйымдар мен ыдыстар (хобордоох, чааскы, айах, быһах және т.б.) сияқты лексемаларға жүргізілген нақты талдау олардың саха этномәдениетіне терең тамыр жайғанын көрсетті. Бұл атаулар табиғи-климаттық жағдайлармен, шаруашылық ерекшеліктерімен және саха қоғамының әлеуметтік құрылымымен тығыз байланысты екенін саха этнографиясы классиктерінің еңбектері де көрсетеді [3, 5].

Зерттеуде семантикалық және салыстырмалы аспектілерге ерекше мән берілді. Этнографизмдердің мағынасы мен этимологиясын талдау нәтижесінде тек төл саха лексемалары ғана емес, сонымен қатар басқа түркі тілдерімен ортақ қабаттар анықталды. Мысалы, сахаша сон (шуба) және ортақтүркілік тон, сахаша ыал (қоныс) және қазақша ауыл, сахаша кыстык (қыстық қоныс) және қазақша қыстау секілді сөздер ортақ лексикалық түбірлердің бар екенін дәлелдеп, көне этномәдени және тілдік байланыстардың бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.

Алынған нәтижелер саха тілінің лексикалық жүйесі туралы түсінікті кеңейтіп, саха халқының тілдік әлем бейнесін зерттеуге үлес қосады. Бұл зерттеудің материалдары саха тілінің лексикологиясы, этнолингвистикасы, лингвомәдениеттануы және салыстырмалы-тарихи түркі тіл білімі салаларындағы болашақ ғылыми жұмыстарға негіз бола алады.

Болашақ зерттеулерде бұл лексиканы кеңірек тілдік базаға сүйене отырып, этимологиялық тұрғыдан тереңірек қарастыру, сондай-ақ саха халқының материалдық және рухани мәдениетінің басқа салаларына қатысты лексиканы кешенді талдау сияқты бағыттар аса маңызды болмақ. Этнографиялық лексиканы әрі қарай зерттеу – саха халқының бай мәдени мұрасын сақтау мен насихаттауда үлкен рөл атқарады.

Авторлардың қосқан үлесі:

Амангелдіқызы Ә. – зерттеу тұжырымдамасын құрастыру, теориялық базаны негіздеу; талдау жүргізу және статистикалық материалдармен жұмыс істеу.

Айдарбекова Ж.Қ. – қорытынды, ұсыныстар және редакциялау жұмысы.

Әдебиеттер тізімі

1. Слепцова, П.А. (2006) Толковый словарь якутского языка (Буквы Г, Д, Дь, И), ред. П.А. Слепцова. Новосибирск: Наука, стр. 770-776.
2. Пекарский, Э.К. (1959) Словарь якутского языка. 2-е изд. Ленинград: АН СССР, 970 с.
3. Боло, С.И. (1994) Прошлое якутов до прихода русских на Лену (по преданиям якутов бывшего Якутского округа). Гл. X-XV. Бичик. Якутск, стр. 62-94.
4. Иохельсон, В.И. (1933) Якуты, Anthropological Papers of the American Museum of Natural History. Нью-Йорк: American Museum of Natural History, 581 с.
5. Серошевский, В.Л. (1993) Якуты. Опыт этнографического исследования. Москва: Ассоц. "Рос. полит. энцикл.", 713 с.
6. Большой толковый словарь якутского языка (2017). Т. XIV, под общ. ред. П.А. Слепцова. Новосибирск: Наука, стр. 210-555.
7. Гоголев, А.И. (1983) Историческая этнография якутов: учебное пособие / ред. Е.С. Сидоров. Якутск: Издательство ЯГУ, 103 с.
8. Räsänen, M. (1969) Versuch eines etymologischen Wörterbuchs der Türksprachen. Helsinki: Suomalais-Ugrilainen Seura, T. I-II, 427 р.
9. Тенишев, Э.Р., Благова, Г.Ф., Добродомов, И.Г. и др. (2001) Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков: Монография. Лексика. Т. 4 / отв. ред. Э.Р. Тенишев. Институт языкознания РАН. Москва: Наука, 485 с.
10. Толковый словарь якутского языка (2004) (Буква А), под ред. П.А. Слепцова. Новосибирск: Наука, 327с.
11. Древнетюркский словарь (1969) / под ред. В.М. Наделяева и др., Ленинград: Наука, Ленингр. отд-ние, 460 с.

Ә. Амангелдіқызы, Ж.Қ. Айдарбекова

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

(E-mail: aliya010124@gmail.com, aidarbekova_zhk@mail.ru)

Этнографическая лексика материальной культуры языка саха

Аннотация. Настоящая статья посвящена комплексному исследованию этнографической лексики якутского языка, отражающей материальную культуру народа саха. Актуальность работы обусловлена недостаточной изученностью данного пласта лексики в системном и сравнительно-историческом аспектах, несмотря на наличие общих трудов по этнографии и лексикологии. Цель исследования – выявление семантической структуры, культурно-исторических корней и особенностей функционирования этнографизмов, номинирующих артефакты традиционного быта саха, а также установление их связей с лексическими системами других тюркских, в частности казахского, и соседних языков.

Для достижения цели были решены следующие задачи: осуществлен сбор и систематизация этнографической лексики по основным тематическим группам материальной культуры (традиционное жилище, одежда, утварь, предметы быта); проведен детальный семантический анализ

лексических единиц, включая определение их значений, выявление этимологии, исконных элементов и возможных заимствований. Особое внимание уделено сопоставительному анализу якутских этнографизмов с их аналогами в казахском и других языках для прослеживания путей культурного и лингвистического взаимодействия и выявления общих и специфических черт.

Источниковой базой исследования послужили данные якутско-русских, русско-якутских и толковых словарей якутского языка (в частности, словари под ред. П.А. Слепцова, Э.К. Пекарского), а также этнографические труды классиков якутоведения (В.Л. Серошевский, С.И. Боло и др.). В работе применялись методы описательного анализа, семантического анализа, а также сравнительно-сопоставительный метод.

В результате исследования выявлено богатство и разнообразие якутской этнографической терминологии, относящейся к материальной культуре. Проанализированы конкретные лексемы, обозначающие различные типы поселений и жилищ (ыал, кыстык, сайылык, ураһа, балаҕан), виды одежды (танас-сап, танас, сон) и предметов домашнего обихода и утвари (хобордоох, чааскы, айах, быһах и др.). Установлены семантические параллели и этимологические связи ряда якутских этнографизмов с лексикой казахского и других тюркских языков (например, якут. сон и тюрк. тон 'шуба'). Полученные результаты вносят вклад в изучение языковой картины мира саха, углубляют понимание их культурного наследия и могут служить основой для дальнейших исследований в области этнолингвистики, тюркологии и сравнительного языкознания.

Ключевые слова: якутский язык, этнографическая лексика, лексико-семантические группы, материальная культура, духовная культура, традиционное жилище, домашняя утварь.

A. Amangeldikyzy, Zh.K. Aidarbekova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

(E-mail: aliya010124@gmail.com, aidarbekova_zhk@mail.ru)

Ethnographic Lexicon of Material Culture in the Sakha Language

Abstract. This article is dedicated to the study of the ethnographic lexicon in the Sakha (Yakut) language that reflects the material culture of the Sakha people. The relevance of this research lies in the fact that, despite the existence of general works on ethnography and lexicology, this lexical layer remains insufficiently explored from a systematic and comparative-historical perspective. The aim of the study is to identify the semantic structure, cultural-historical roots, and functional characteristics of ethnographic terms that name artifacts of traditional Sakha life, as well as to establish their connections with the lexical systems of other Turkic languages, especially Kazakh, and neighboring languages.

To achieve this aim, the following objectives were set: the collection and classification of ethnographic lexicon across main thematic groups of material culture (traditional housing, clothing, household items, utensils); semantic analysis of lexical units, including definitions, etymology, original elements, and possible borrowings. Particular attention was given to comparative analysis between Sakha ethnographic terms and their equivalents in Kazakh and other languages, which allowed for tracing cultural and linguistic interaction as well as identifying both common and unique features.

The source base for the study included Yakut–Russian, Russian–Yakut, and explanatory dictionaries of the Sakha language (particularly those edited by P.A. Sleptsov and E.K. Pekarsky), as well as classical ethnographic works in Yakut studies (V.L. Seroshevsky, S.I. Bolo, among others). The research employed descriptive, semantic, and comparative methods.

The results of the study revealed the richness and diversity of ethnographic terminology in the Sakha language related to material culture. Specific lexemes denoting types of dwellings (ыал, кыстык, сайылык, ураһа, балаҕан), clothing (таҕас-сап, таҕас, сон), and household items and utensils (хобордоох, чааскы, аһах, быһах, etc.) were analyzed. Semantic parallels and etymological connections between Sakha ethnographic terms and lexicon in Kazakh and other Turkic languages were identified (e.g., Sakha сон and Turkic тон meaning 'fur coat'). The findings contribute to the study of the Sakha linguistic worldview, deepen the understanding of their cultural heritage, and serve as a basis for further research in ethnolinguistics, Turkology, and comparative linguistics.

Keywords: Sakha language, ethnographic lexicon, lexical-semantic groups, material culture, traditional housing, household items.

References

1. Sleptsova, P.A. (2006) Tolkovy slovar' yakutskogo yazyka (Bukvy G, D, D'', I) / red. P.A. Sleptsova. Novosibirsk: Nauka, str. 770–776. [in Russian]
2. Pekarsky, E.K. (1959) Slovar' yakutskogo yazyka. 2-e izd. Leningrad: AN SSSR, 970 s. [in Russian]
3. Bolo, S.I. (1994) Proshloe yakutov do prikhoda russkikh na Lenu (po predaniyam yakutov byvshego Yakutskogo okruga). Gl. X–XV. Bichik. Yakutsk, str. 62–94. [in Russian]
4. Iohelson, V.I. (1933) Yakuty, Anthropological Papers of the American Museum of Natural History. New York: American Museum of Natural History, p. 581.
5. Seroshevsky, V.L. (1993) Yakuty. Opyt etnograficheskogo issledovaniya. Moskva: Assots. "Ros. polit. entsikl.", 713 s. [in Russian]
6. Bol'shoi tolkovy slovar' yakutskogo yazyka (2017). T. XIV / pod obshch. red. P.A. Sleptsova. Novosibirsk: Nauka, str. 210–555. [in Russian]
7. Gogolev, A.I. (1983) Istoricheskaya etnografiya yakutov: uchebnoe posobie / red. E.S. Sidorov. Yakutsk: Izdatel'stvo YAGU, 103 s. [in Russian]
8. Räsänen, M. (1969) Versuch eines etymologischen Wörterbuchs der Türksprachen. Helsinki: Suomalais-Ugrilainen Seura, T. I–II, 427 p. [in German]
9. Tenishev, E.R., Blagova, G.F., Dobrodomov, I.G. et al. (2001) Sravnitel'no-istoricheskaya grammatika tyurkskikh yazykov: Monografiya. Leksika. T. 4 / otv. red. E.R. Tenishev. Institut yazykoznaniya RAN, Moskva: Nauka, 485 s. [in Russian]
10. Tolkovy slovar' yakutskogo yazyka (2004) (Bukva A) / pod red. P.A. Sleptsova. Novosibirsk: Nauka, 327 s. [in Russian]
11. Drevnetyurkski slovar' / pod red. V.M. Nadelyaeva et al. (1969), Leningrad: Nauka, Leningr. otdnie, 460 s. [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Амангелдіқызы Ә. – PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Айдарбекова Ж.Қ. – хат-хабарға жауапты автор, PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Амангелдіқызы Ә. – PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Айдарбекова Ж.К. – автор для корреспонденции, PhD, Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Amangeldikyzy A. – PhD doctoral student,, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Aidarbekova Zh.K. – corresponding author, PhD, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).